

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 22 желтоқсандағы № 204 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы
Президенті
мен Үкіметі актілерінің
жинағында
жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мына жарлықтарына өзгерістер енгізілсін

:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Шетелдік инвесторлар кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы № 3985 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 18, 156-құжат; 2000 ж., № 17, 168-құжат; 2003 ж., № 45, 486-құжат; 2007 ж., № 14, 160-құжат; 2011 ж., № 30, 366-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі туралы ережеде:

8-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы -" деген сөздер алып тасталсын;

2) "Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 43, 503-құжат; 2004 ж., № 22, 276-құжат; 2005 ж., № 19, 227-құжат; 2006 ж., № 1, 2-құжат; 2008 ж., № 20, 182-құжат; № 42,465-құжат; 2010 ж., № 9, 105-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның құрамы (лауазымдар бойынша) осы Жарлыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3) күші жойылды - ҚР Президентінің 09.04.2014 № 791 Жарлығымен;

4) "Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурс және "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсы тауары" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы № 194 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 38, 418-құжат; 2007 ж., № 24, 267-құжат; № 42, 476-құжат; 2008 ж., № 42, 464-құжат; 2009 ж., № 33, 307-құжат; 2010 ж., № 39, 335-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурс өткізу және лауреат атағын беру ережелерінде:

6-тармақтағы "сауда" деген сөз "жаңа технологиялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығының лауреаты атағын және "Қазақстанның үздік тауары" республикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын беру жөніндегі комиссия туралы ережеде:

8-тармақтағы "сауда" деген сөз "жаңа технологиялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) күші жойылды – ҚР Президентінің 03.01.2024 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

б) "Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 11, 120-құжат; № 38, 430-құжат; 2008 ж., № 24, 226-құжат; № 42, 465-құжат; 2009 ж., № 10, 49-құжат; № 27-28, 234-құжат; № 29, 249-құжат; 2010 ж., № 50, 453-құжат):

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Мемлекеттік комиссияның дербес құрамы бекітілсін.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамы осы Жарлыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

7) күші жойылды - ҚР Президентінің 18.12.2019 № 220 Жарлығымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 09.04.2014 № 791; 18.12.2019 № 220 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.01.2024 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. Назарбаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2011 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 204 Жарлығына
1-ҚОСЫМША
Қазақстан Республикасы
Президентінің
2000 жылғы 12 қазандағы
№ 470 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның ҚҰРАМЫ

Қазақстан Республикасының - төраға
Мемлекеттік хатшысы
Қазақстан Республикасының - төрағаның орынбасары
Білім және ғылым министрі
Қазақстан Республикасының - хатшы
Білім және ғылым вице-министрі

Республикалық комиссия мүшелері:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі

Қазақстан Республикасының Әділет министрі

Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрі

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі

Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі

Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрі

Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Мемлекеттік қызмет және кадр саясаты бөлімінің меңгерушісі

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Әлеуметтік-экономикалық бөлімінің меңгерушісі

Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы түлектерінің қауымдастығы" қоғамдық бірлестігінің президенті (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2011 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 204 Жарлығына
2-ҚОСЫМША

Ескерту. 2-қосымшаның күші жойылды - ҚР Президентінің 09.04.2014 № 791 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2011 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 204 Жарлығына
3-ҚОСЫМША

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 03.01.2024 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2011 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 204 Жарлығына
4-ҚОСЫМША
Қазақстан Республикасы
Президентінің
2007 жылғы 13 сәуірдегі
№ 314 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту
мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның
ДЕРБЕС ҚҰРАМЫ**

Мәсімов - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі,

Кәрім Қажымқанұлы Кеңестің төрағасы

Сұлтанов - Қазақстан Республикасы Президентінің

Бақыт Тұрлыханұлы көмекшісі, төрағаның орынбасары

Комиссия мүшелері:

Жәмішев - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Болат Бидахметұлы

Исекешев - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің

Әсет Өрентайұлы орынбасары - Қазақстан Республикасының

Индустрия және жаңа технологиялар министрі

Келімбетов - Қазақстан Республикасының Экономикалық даму

Қайрат Нематұлы және сауда министрі

Құлыбаев - "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры"

Тимур Асқарұлы акционерлік қоғамының басқарма төрағасы

Мирчев Александр - "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры"

акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің

мүшесі

Шөкеев - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің

Өмірзақ Естайұлы бірінші орынбасары

Эванс Ричард - "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры"

акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің
мүшесі

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2011 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 204 Жарлығына
5-ҚОСЫМША
Қазақстан Республикасы
Президентінің
2010 жылғы 12 маусымдағы
№ 994 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы және
қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңестің
ДЕРБЕС ҚҰРАМЫ**

**Ескерту. 5-қосымшаның күші жойылды - ҚР Президентінің 18.12.2019 № 220
Жарлығымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК